«ОТАНДЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ»

ғылыми тағылымдама - біліктілікті арттыру курсы **23.11.2022**

дайындаған Мынбаева Г.К.
АББО директорының орынбасары

1-сұрақ. Электронды деректер базасына қолжетімділік

Электронды кітапхана жүйесінің міндетті элементтерінің бірі ол мәліметтер базасы болып табылады. Мәліметтер базасы дегеніміз - деректерді сақтау үшін арнайы жасалған жүйе. Мәліметтер базасы оқу процесіне қажетті цифрлық сипаттамадағы оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер және т.б. әдебиеттердің оқырманға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ғалымдары туралы мәліметтер мен олардың еңбектерінің электрондық нұсқаларын пайдаланушыларға ұсынатын АББО қызметкерлерінің құруымен жүзеге асырылған мәлімет базасы «AlmaMater» http://www.articles.ukgu.kz/. Мәлімет базасы университеттің 70 жылдығына орай іске қосылып, қазіргі күнде пайдаланушыларға толықтай 24/7 режимде қолжетімді.

2-сұрақ. Мақала немесе өзге де еңбекті жариялау үшін ӘОЖ, КБЖ индексін алу тәртібі

Автор өз жұмысын (мақалалар, жарияланымдар және басқа да еңбектер) жариялау үшін классификациялық жіктеу индексі қойылады. Бұл Әмбебап ондық жіктеу (ӘОЖ) және Кітапханалық-библиографиялық жіктеу (КБЖ) индексі жұмыстың тақырыптық саласын анықтайды.

Классификациялық жіктеу басылымдарды ғылым салаларына орай жүйелеуде кеңінен қолданылады.

Көптеген ғылыми журналдар мақаланы, жарияланымдар мен басқа да еңбектерді жариялау үшін ӘОЖ/КБЖ индексі талап етіледі.

Автор өз жұмысына ӘОЖ/КБЖ индекстерін алу үшін ғылыми кітапхананың ақпараттық-библиография бөліміне хабарласа алады.

3-сұрақ. Әдебиеттердің библиографиялық тізімін жасау

Библиографиялық тізім – ізденушінің ғылыми жұмысында пайдаланған деректемелерінің библиографиялық сипаттамасы және қорытынды бөлімінен соң берілетін библиографиялық аппараттың міндетті элементі. Ғылыми жұмыстың мәтінінде дереккөздерге сілтемелер жасалған жағдайда ғана тізімде беріледі.

Тізімге келесідей тақырып нұсқалары ұсынылады:

1. пайдаланылған әдебиеттер тізімі
2. пайдаланылған дереккөздер және әдебиеттер тізімі
3. библиографиялық тізім
4. библиография

4-сұрақ. Библиографиялық тізім жасаудың көбіне үш түрі қолданылады:

- Алфавиттік – библиографиялық сипаттама авторлардың және (егер автордың фамилиясы (тегі) көрсетілмесе немесе авторлардың саны төрттен көп болса) мақаланың тақырыбы бойынша алфавит ретімен орналастырылады. Бір автордың еңбегін, оның еңбегінің атауының алфавиті бойынша, бір фамилиядағы авторлардың еңбектерін – аты-жөнінің әріптері алфавиттік жүйеде орналастырады. Бір тізімде әртүрлі алфавиттерді араластыруға болмайды. Шетелдік дереккөздерді жазбаша жұмыс жазылған тілдегі барлық дереккөздердің тізімінен кейін жазады.
- Хронологиялық – бұл материал жарияланған жылдары бойынша, әрбір жылда – кітаптың авторы немесе аты алфавит бойынша орналастырылады. Хронологиялық реті қандай да бір мәселені зерттеу тарихын көрсетуге мүмкіндік береді.
- Жүйелік – библиографиялық сипаттама білім салалары, жекелеген мәселелер, жекелеген рубрикалардың логикалық сәйкестігі тақырыптар бойынша орналастырылады. Жүйелік бөлімдерді қолжазбаның тарауларына немесе тақырыптың маңызды мәселелеріне сәйкес орналастырған жөн. Жалпы тақырыпқа қатысты жалпы сипаттағы әдебиетті ерекше тарауға жатқызған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттердің барлық бибиографиялық тізімдерінде реттік нөмірлеу қолданылады. Рефераттар, бақылау, курстық және дипломдық жұмыстар мен басқа да ғылыми жұмыстарға пайдаланылған әдебиеттер тізімі «Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесінің» халықаралық стандарттарына сәйкес жасалады. Библиографиялық тізім жасауды реттейтін негізгі Мемлекеттік стандарттар:

- МемСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптары мен ережелері;
- МемСТ 7.80-2000. Библиографиялық жазба. Тақырып. Жалпы талаптары мен ережелері;
- МемСТ 7.82-2001. Библиографиялық жазба. Электронды ресурстарды библиографиялық сипаттау. Жалпы талаптары мен ережелері;
- МемСТ 7.11-2004. Библиографиялық жазба. Шетелдік, еуропалық тілдерде сөз тіркестері мен сөздерді қысқарту;

- МемСТ Р 7.0.12-2011. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі сөз тіркестері мен сөздерді қысқарту;
- МемСТ Р 7.0.5-2008 Библиографиялық сілтемелер. Жалпы талаптары мен ережелері;

5-сұрақ. Библиографиялық жазба үлгілері

Бір томды басылымдар:

Автор. Тақырып: тақырыпқа байланысты мәлімет (титулдық бетті қара) / жауаптылар туралы мәлімет (авторлар); кейінгі жауаптылар туралы мәлімет (редакторлар, аудармашылар, ұжымдар).– Басылым туралы мәлімет (қайта басылғаны туралы мәлімет, басылым нөмірі). – Басылған жері: Баспа, Басылған жылы. – Көлемі. – (Серия).

Көптомдық басылымдар:

Автор. Басылымның тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет (титулдық бетті қара) / Жауаптылар туралы мәлімет (авторлар); кейінгі жауаптылар туралы мәлімет (редакторлар, аудармашылар, ұжымдар). – Басылған жері: Баспа, алғашқы басылған жылы – соңғы басылған жылы.– (Серия).

Том нөмірі және белгіленуі: Томның тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет.– Томның басылған жылы. – Көлемі.

немесе:Автор. Басылымның тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет (титулдық бетті қара) / Жауаптылар туралы мәлімет (авторлар); кейінгі жауаптылар туралы мәлімет (редакторлар, аудармашылар, ұжымдар). – Басылған жері: Баспа, алғашқы басылған жылы – соңғы басылған жылы. – Том саны. – (Серия).

Диссертациялар:

Автор. Тақырып: тақырыпқа байланысты мәлімет (титулдық бетті қара): ғылыми қызметкердің мамандық номенклатурасының шифрі : қорғалған мерзімі / жауаптылар туралы мәлімет (автор); кейінгі жауаптылар туралы мәлімет (ұжым). – Жазылған жері, Жазылған мерзімі. – Көлемі.

Диссертацияның авторефераты:

Автор. Тақырып: тақырыпқа байланысты мәлімет (титулдық бетті қара): ғылыми қызметкердің мамандық номенклатурасының шифрі / жауаптылар туралы мәлімет (ұжым). – Жазылған жері, Жазылған мерзімі. – Көлемі.

Электрондық ресурстар

Локальдік қолжетімді электрондық ресурс (CD)

Автор. Тақырып [Электронный ресурс]: тақырыпқа байланысты мәлімет / жауаптылар туралы мәлімет (авторлар); кейінгі жауаптылар туралы мәлімет (редакторлар, аудармашылар, ұжымдар). – Ресурстың түрінің белгісі («электрон. дан.» немесе «электрон. прогр.»). – Басылған жері: Баспа, Басылған жылы. – Материалдың белгіленуі және физикалық бірліктерінің саны. – (Серия).

Электрондық ресурс (Internet).

Автор. Тақырып [Электронный ресурс]: тақырыпқа байланысты мәлімет / жауаптылар туралы мәлімет (авторлар); кейінгі жауаптылар туралы мәлімет (редакторлар, аудармашылар, ұжымдар). – Ресурстың түрінің белгісі («электрон. текстовые дан.»). – Қол жеткізу режимі: URL. – Сұралған мерзімі.

Мысалы

Молдахметов, З.М. Экология негіздері [Электронный ресурс] / З.М. Молдахметов, А.М. Ғазалиев, С.Д. Фазылов. – Электрон. текстовые дан. – Режим доступа: http://library.psu.kz/fulltext/transactions/556_moldahmetov_z.m._gazaliev_a.m._fazilov_s.d._ekologiya_negizderi_okhulikh.pdf. – Дата обращения: 08.09.2016.

Құжаттардың құрастырмалы бөлімдері

Мақала туралы мәлімет // Мақаланың қайнар көзі туралы мәлімет. – Құжаттағы мақаланың орналасуы туралы мәлімет.

Кітаптың бөлімі, параграфы

Автор. Бөлімнің тақырыбы (параграфтың) // Кітаптың тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет / жауаптылар туралы мәлімет (кітаптың авторлары). – Басылған жері: Баспа, басылған жылы. – Бөлімнің нөмірі (параграфтың). – Бөлімнің орналасуы (параграфтың).

Мысалдар

Ермағанбетов Қ. Электрмагнит тізбегі [Текст] // Электртехника және электроника негіздері: оқулық / Қ. Ермағанбетов. – Астана: Фолиант, 2016. – 7-тарау. – Б. 489-545.

Исаев С.М. Сөздерді фонетикалық талдаудың тәртібі [Текст] // Қазақ тілі / С.М. Исаев. – Алматы: Өнер, 2013. – § 18. – Б. 23-24.

Жинақтың мақаласы

Автор. Мақаланың тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет / жауаптылар туралы мәлімет (мақаланың авторлары) // Жинақтың тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет.– Басылған жері: Баспа, басылған жылы. – Мақаланың орналасуы (беттері).

Конференция материалдарының мақаласы

Мысал

Байтасов, Т.М. Қазақстандағы цемент өндірісінің негізгі проблеммалары мен даму болашағы/ Т.М. Байтасов, Е.Н. Абаканов // Құрылыс, сәулет және көлік: жағдайы және даму болашақтары: Л.Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-нің 15 ж. арн. Респ. ғыл.-практ. конф., 13-14 мамыр 2011 ж. – Астана: Л.Н. Гумилев атын. ЕҰУ басп., 2011. – Б. 159-161

Журнал мақаласы

Автор. Мақаланың тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет / жауаптылар туралы мәлімет (мақаланың авторлары) // Журналдың атауы. – Басылып шыққан жылы. – Шығарылым нөмірі. – Мақаланың орналасуы (беттері).

Газет мақаласы

Автор. Мақаланың тақырыбы: тақырыпқа байланысты мәлімет / жауаптылар туралы мәлімет (мақаланың авторлары) // Газеттің атауы. – Басылып шыққан жылы. – Шығарылым мерзімі мен айы. – Мақаланың орналасуы (беттері).

Библиография - бұл кітапты, ғылыми мақалаларды , сөйлеген сөздерді, жеке жазбаларды, күнделіктерді, веб-сайттарды және тақырыпты зерттеу және қағазды жазу кезінде қолданылатын басқа көздер тізімі. Библиография қағазыңыздың соңында пайда болады.

Библиография кейде « *Works Cited»* немесе « *Works Consulted»* деп аталады.

Библиографиялық жазбалар өте нақты форматта жазылуы керек, бірақ бұл пішім сіз пайдаланатын нақты жазу стиліне байланысты болады.

Библиографияның компоненттері

Библиографиялық жазбалар:

- Автор
- Сіздің көзіңіздің атауы
- Жарияланым туралы ақпарат
- Күні

Библиография - белгілі бір тақырыпқа немесе белгілі бір авторға жазылған жұмыстардың (мысалы, кітаптар мен мақалалар) тізімі. *Сын есім* : библиографиялық.

Кітаптың, баяндаманың , онлайн-презентацияның немесе ғылыми мақаланың соңында библиография пайда болуы мүмкін.

Аннотирленген библиография тізімдегі әр элементтің қысқаша сипаттамалы және бағалау парағын (*аннотация*) қамтиды.

Кітапнама (немесе **Библиография**) (көне грекше: biblion – кітап және көне грекше: drapho – жазу) – баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы.

Ол кітаби мұраларды, библиография тарихын, теориясын, библиография қызметті ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән ретінде де қолданылады. Баспа өнімдерін іріктеп, оларды жүйелі түрде саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын ашу арқылы библиография ғылыми мен мәдениет дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды, саяси, философия және эстетика көзқарастарды, техника жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады.[1]

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы **Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау туралы** № 44 бұйрығы бойынша, оқу-тәрбие процесін және ғылыми зерттеулерді барынша толық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектептер (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдары кітапханаларының ақпараттық ресурстарды және кітапхана қорларын қалыптастыру саласындағы жұмысының мазмұнын белгілеп беретін **Қағидалар** бар.

17.06.2015ж. ҒжБМ-нің №391 бұйрығы бойынша Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесінің *66 тармағының* талаптарына сәйкес университеттегі мамандықтардың пәндік оқу жоспары бойынша оқытылатын базалық және бейіндік пәндердің баспа оқулықтармен, электрондық және магнитті тасымалдағыш оқу-әдістемелік әдебиеттерімен қамтылуын анықтап отыру үшін сараптамалық анализдер жасап отырады.

Оқу орнының кітапханасының жұмыс істеу жағдайын жүйелендіру үшін **кітапхана инфрақұрылымының** барлық қажетті элементтері үшін ұсыныс стандарттары анықталған.

Ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыратын оқу орнының кітапхана *инфрақұрылымының* элементтері мыналарды қамтиды:

- кітапхананың материалдық-техникалық базасы (кітап сақтау орны; қызмет көрсету пункттері: абонемент, оқу залы; электронды каталогтарға қолжетімділік, Интернет-ресурстар және қызметтер);
- стандарттар;
- ақпараттық инфрақұрылым;
- қорлар;
- кадрлар;
- кітапханалық қызметтер.